

риск политизации института, что потребует прозрачности и профессионализма при назначении судей.

В целом, институт конституционного контроля в Казахстане демонстрирует положительную динамику развития, способствуя укреплению демократических основ и соблюдению прав и свобод граждан. Его дальнейшее совершенствование будет способствовать не только укреплению правового поля страны, но и развитию всего общества в целом.

Список литературы:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029 (дата обращения 07.03.2024 г.)
2. Конституционный Закон Республики Казахстан от 5 ноября 2022 года № 153-VII «О Конституционном Суде Республики Казахстан» (с изменениями от 01.07.2023 г.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39441762 (дата обращения 10.03.2024 г.)
3. Послание Конституционного Суда Республики Казахстан «О состоянии конституционной законности в Республике Казахстан» (оглашено на совместном заседании Палат Парламента Республики Казахстан 20 июня 2023 года) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33359734 (дата обращения 10.03.2024 г.)
4. Авакьян С.А. Проблемы теории и практики конституционного контроля и правосудия // Вестник Моск. ун-та. Сер. Право. — 1995. — № 4. — С. 12–20.
5. Караев А. Конституционный контроль: Казахстан и зарубежный опыт: Учеб. пособие / А. Караев; КазГЮУ. - Алматы: КазГЮУ, 2002. – 248 с.
6. Бланкенагель А. Теория и практика конституционного контроля в ФРГ // Советское государство и право. 1989. №1. С. 102
7. Вестник Конституционного Суда Республики Казахстан. Выпуск 3. Астана, 2023 - С.44
8. Около тысячи обращений: результаты работы Конституционного Суда за первый квартал 2024 года // URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/press/news/details/740607?lang=ru> (дата обращения: 04.04.2024 г.)
9. Овсепян Ж.И. Судебный конституционный контроль в зарубежных странах: Автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. — М., 1994. — 38 с.
10. Караев А. Проблемы развития конституционализма в Казахстане: Сборник материалов международной научно-практической конференции / сост. С.М. Злотников. – Алматы: Общественный фонд политико-правовых исследований «Интерлигал», 2002 – С.202-206
11. Боботов С.В. Конституционная юстиция. — М.: ЕАВ, 1994. — 126 с.
12. Малиновский В.А. Конституционные Советы Казахстана и Франции // Право и государство. 2013. № 2 (59). С. 31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢАМЛАРЫНДА АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

*Олжабаев С.Б., Ю-23-1қ ФП магистранты, Қазтұтынуодағы Қарағанды
Университеті*

*Ғылыми жетекші – PhD докторы Қаржасова Г.Б., Қазтұтынуодағы Қарағанды
Университеті*

Кез келген демократиялық құқықтық мемлекеттің қалыпты дамуы мен жұмыс істеуінің қажетті шарты заңдардың тұрақты орындалуы, азаматтардың, адамдардың құқықтары мен

бостандықтарының кепілдіктерін одан әрі нығайту, осы құқықтарды әртүрлі бұзушылықтардан қорғау болып табылады.

Адам мен адамзаттың құқықтық жағдайы (құқықтық мәртебесі) дегеніміз, әдеттінше оның құқықтары құқықтары міндеттерінің жиынтығы. Шын мәнінде, бұл адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің басты мазмұны болып табылады. Бірақ та оған өзгеше құқықтық факторлар әсер ететінін әрдайым естен шығармауымыз керек. Олар – азаматтық қағидалар, құқық пен бостандық кепілдіктері.

Адамның құқықтары мен міндеттері көптеген құқық салаларында тұжырымдалған. Солардың ішінде адамның қоғамдық жағдайын дәріптеуде мемлекеттік құқық саласының атқаратын рөлі ерекше. Әсіресе, адамның, азаматтың құқықтық мәртебесінің негізгі Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген. Оған мыналар кіреді: азаматтылық, адам мен азаматтың құқықтық жағдайының конституциялық принциптері, олардың негізгі құқықтары мен бостандықтары (азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени), конституциялық міндеттер. Бұл адамның құқықтық жағдайының басты элементі, ядросы. Құқықтық мәртебесінің негіздері адамның қоғамдағы жағдайын анықтауда басты шешуші рөл атқарады, өмірлік маңызы бар, мазмұны Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-тарауында берілген [1].

Адамның құқықтық жағдайы мұнымен шектелінбейді. Азаматтардың өзге құқықтары мен міндеттері көптеген әр түрлі құқық салаларында тұжырымдалады, бірақ бұлар негізгі құқықтарға бостандықтар мен міндеттерге бағынышты, оларды одан әрі дамытуға және нақтылана түсуіне бағытталған. Адам мен азаматтық құқықтық жағдайына мінездеме беру үшін, алдымен, адам, тұлға, азамат ұғымдарының арақатынасын ажыратуымыз, олардың конституциядағы құқықтық мәртебесінің принциптерін және негізгі белгілерін анықтауымыз қажет. Осы сұраққа жауап берместен бұрын «адам», «тұлға» және «азамат» ұғымдарын айқындап алу керек. Әдеби шығармаларда, ауызекі әңгімелерде адам, тұлға, азамат ұғымдары олардың арасында белгілі бір айырмашылық бар болса да, бірқатар жағдайда бір мәндес сөздер ретінде қолданылады. Кез келген нақтылы адам тұлға болып саналады, және ол табиғи және әлеуметтік ерекшеліктерге ие бола алады.

Тұлға дегеніміз – нақтылы қоғамдық-экономикалық құрылымның мүшесі ретінде адамды сипаттайтын ерекшеліктердің жиынтығын білдіреді. Тұлғаның қайталанбас даралығы адамдардың белгілі бір әлеуметтік тобының өкілі ретінде адамға тән кейбір ортақ белгілерді де қамтиды: оларға ұлты, кәсібі, әлеуметтік жағдайы және оның қоғамда алатын орны, жауаптылығы тағысын тағы жатады.

Азамат ұғымы публистикалық мағынасында жиі қолданылады, ол адам – өз жаңа Конституцияда «азамат» термині қолданылған кезде Қазақстан Республикасының азаматы жиі айтылады. Мәселе мынада: басқа мемлекеттерде тұратындар сияқты Қазақстан аумағында тұрып жатқандардың бәрі бірдей оның азаматы болып табылмайды. Олардың арасында шетелдік азаматтар немесе азаматтың жоқ адамдар болуы мүмкін. Олардың құқықтары мен бостандықтарының сол мемлекет азаматтарына қарағанда аздығы – мысалы, кейбір саяси және әлеуметтік экономикалық құқықтардың, соның ішінде сайлауға не сайлануға, әскер қатарына алынуға, жоғары лауазымды қызметке көтерілуіне болмайтындығы. Жалпы алғанда, Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтың жоқ адамдар Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады [1].

Адамның өмір сүру құқығын іс жүзіне асырған кезде оның туу фактісі ғана қажет, ал оның азамат пен тұлға қасиеттеріне ие болу міндетті емес. Бұдан басқа құқықтарды іс жүзіне асырған кезде адамның тұлға, азамат болуы шарт.

Адамның жиынтық заңдық атауы түрінде «азамат» ұғымы Аристотель заманынан бері белгілі. Ежелгі орыс тілінде «азамат» сөзі қалалық тұрғыны айқындау үшін қолданылады. XVII ғасырлардың аяғынан бастап бұл сөз қалалық тұрғындардан жөнінде ғана емес, осы мемлекеттің кез келген тұрғынына қолданылатын болады.

Қазіргі қазақ, орыс тілдерінде азамат сөзі осы мемлекеттің тұрақты халқына жататын, заңда белгіленген құқықтарды пайдаланатын, сондай-ақ барлық міндеттерді орындайтын адамға қатысты айтылады. Сөздің, осы аталған мәні Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Заңның негізінде алынады [2].

Сөйтіп, адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі дегеніміз бұл жеке тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің жиынтығы, сонымен қатар оларды іс жүзіне асырудағы құқық нормаларында бекітілген заңды кепілдіктер. Құқық пен бостандықтың тарихи дамуында үш толқын айқын бөлінеді. Оның біріншісі – конституционализм ағымнан көрінеді. Ол кезде конституциялық актілерде құқық пен бостандықтардың екі тобы бекітілген болатын. Олар азаматтық (өзіндік) құқықтар мен бостандықтар (мәселен, жеке адамға ешкімнің тиіспеуі, тұрғын үйге қол сұғылмауы, т.б.) және саяси құқықтар мен бостандықтар – сайлау құқығы, сөз, баспасөз еркіндігі, т.с.с.

XX ғасырдың бірінші тоқсанында, әсіресе ортасында конституцияларда әлеуметтік-экономикалық құқықтар мен бостандықтар блогі дүниеге келді (еңбек ету құқығы, білім алу құқығы, ғылым мен мәдени жетістіктерін пайдалану және т.с.с.). Бұл екінші толқын болатын. XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған кең ауқымды проблемаларды шешуде үшінші толқынның әсері күшті болды. Соның салдарынан адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы ортаны қорғау құқығы, ақпаратқұралдарын пайдалану құқығы және т.б. ұқықтар мен бостандықтардың сонымен бірге міндеттердің дамуы, олардың шеңберінің тұрақты кеңеюі нақтылы топтастыруды қажетсінді. О бастан-ақ құқықтарды, бостандықтарды адам құқығына және азамат құқығына бөлу керек деген болатын. Артынан бұларды басқаша да бөлуге – адамның, азаматтың, жеке және ұжымдық құқықтары, бостандықтары мен міндеттеріне болатындығы дәлелденді. Әрине, адамның және азаматтың көптеген құқықтары, бостандықтары мен міндеттері өзіндік сипаттарына қарағанда жекешелеу болатындығы белгілі, бірақ, мысалы ереуілге шығу құқығы жекешеден гөрі ұжымдық болатыны сөзсіз. Өйткені, жеке адамның ереуілге шығуы – бұл жұмыстан бас тарту, дәлелсіз себептермен жұмысқа шықпай қалу дегенді білдіреді. Құқықтарды, бостандықтарды және міндеттерді негізгі және қосымша деп ажыратуға болады. Әрине, соңғы біріншісіне тәуелді. Мысалы: негізгі құқыққа азаматтың мемлекет ісін басқаруға қатысуы жатса, ал оның сайлауға құқығы, алдыңғылардан туындайды.

Бұл Республика Конституциясының және соған сәйкес келетін өзге де нормативтік құқықтық құжаттардың нормаларымен белгіленген шеңберінде адам құқықтары мен бостандықтарының тізбегіне мемлекет кепілдік береді деген сөз. Адамның бұл аталған құқықтары мен бостандықтарын абсолютті деп тану олар Қазақстан Республикасында тұратын әрбір адамға оның Республика азаматтығында болу болмауына қарамастан, қолданылады дегенді білдіреді. Бұл құқықтар мен бостандықтардың ажырағысыздағы Конституция белгіленген құқықтар мен бостандықтардан Конституцияда және соған сәйкес қабылданған заңдарда көзделген жайлардан басқа реттерде адамды ешкім де, соның ішінде мемлекет те айыра алмайтындығын танытады. Біздің елімізде заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданлуы осыларға қарай анықталады.

Демек, қандай да болмасын заңдардың адам мен адамзаттардың құқықтары мен бостандықтарын тежеуге немесе жойып жіберуге бағытталған кері әсері болмайды. Осыған байланысты мемлекет билігі үш тармағының жұмысында азаматтардың құқықтарын, бостандықтары және заңды мүдделерін конституциялық негізде бекітуге (заң шығару), нақты іске асыруға (атқару) және тиісінше қорғауға (сот) айырықша мән беріледі. Жаңа уақыт адамның құқығы мен бостандығы дүниеге өзімен бірге келетінін негіздейтін табиғи идеяларының пайда болуымен сипатталады. Әртүрлі теориялық құрылымдар тұлға мен мемлекет қайшылығын еңсеру қажеттігін негіздеді.

Адамның құқықтары мен бостандықтарына артықшылық беру қағидаларын жария ету «адам-мемлекет» мәселесіне құрсаулық жүйе тұрғысынан түсінік беруден үзілді кесілді бас тартуды білдіреді [3, 386.].

Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін жаратылған, олардың қатынастарының ендігі басты қағидаты (1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясында негізгі қаланған) осындай. «Қызмет қазына» ұғымы конституциялық мәтінге енгеннен кейін іс жүзінде адамгершілік санат бола отырып, құқықтық санатқа да айналады және қоғам мүшелерінің баршасы үшін- мемлекет билігі қолында барларға да, жоқтарға да міндетті ереже болып табылады. Бірақта адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығы конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтарымен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатын қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

Сондықтан да олар Қазақстан Республикасында құқықтар мен бостандықтар халықаралық құқық нормалары мен жалпыға танымал принциптерге сәйкес танылады және кепілдендіріледі, ол Қазақстан Республикасының Конституциясына сай болуы тиісті.

Азамат пен адамның құқығының бостандығының конституциялық негіздері бойынша жеке адамның қоғамдағы мемлекет дамуының деңгейін сипаттайды. Адамның өміріне, жеке бостандығына, ар намысы мен қадір қасиетіне қол сұғуға ешкімнің де құқығы жоқ. Сондықтан, Қазақстан Республикасының Конституциясы, басқа да заңдары азаматтың жеке бостандығын қамтамасыз етуге айрықша назар аударады.

Егер өміріне, денсаулығына, азаматтық қадір қасиетіне қауіп төңсе әр адам мемлекеттік органдардан көмек сұрауға, заңмен қорғалуға құқылы. Жоғарыда айтылғандай , ол үшін арнаулы органдар жұмыс істейді. Адам өзінің, құқы мен бостандығын бұзушылардан қорғанып Республика Президентіне жүгінуге құқылы.

Бірде бір мемлекеттік орган, бір де бір лауазымды адам азаматтың құқығын шектей алмайды. Бұл, адам құқығы мен бостандығы шектелген жағдайда, оған қай заңды бұзғаны, қандай құқық бұзушылық жасағаны туралы хабарлануы тиіс.

Ең маңыздысы, адамның табиғи құқығы өмір сүру құқығы.

1. Әркімнің өмір сүру құқы бар.

2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға қақысы жоқ. Өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы арыздану құқығы беріледі» (Конституцияның 15-бабы). Өлім жазасы ауыр қылмыс жасаған адамның ерекше қауіптілігіне байланысты және жауаптылықты ауырлататын мән-жайларда қолданылады. Өлім жазасын қолдану туралы үкім шығармас бұрын сот мұндай ең ауыр жазаны қолданудың мән-жайын жан-жақты дәлелдеп, өлім жазасына кесілген адамды мейлінше толық сипаттап көрсетуге тиіс. Сонымен бірге сот сотталушының психикалық дертке ұшырамағанын да анықталуы керек. Мұндай дертке ұшырағандарға жаза мүлдем қолданылмайды.

Өлім жазасына кесілген адам кешірім жасау туралы өтінішпен Қазақстан Республикасының Президентіне жүгінуге құқылы. Кешірім жасау туралы шешім шығарған кезде, сотталған адам қандай кісі, бұрын сотталған ба, бұрын оған кешірім жасалған ба, жасы, отбасылық жағдайы және басқа мән-жайлары ескеріледі. Жеке адамның өміріне қол сұқпаушылық Конституция арқылы қорғалады. «Ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайды» (17-бап). Конституцияның осы қағидасы, негізінен, лауазымды адамдарға қатысты. Қазақстан Республикасының заңдары денеге жарақат түсіретін, адамның қадір-қасиетін қорлайтын мұндай шаралардың қолданылуына үзілді- кесілді тыйым салады. Азаптау ұрып-с соғу, төбелесу, дене жарақатын салу түрінде көрінуі мүмкін. Азаматтар заңға қайшы емес, іс әрекеттердің барлығы жүзеге асыруға мүмкіншілік береді, ал заңға қайшы әрекеттерге мемлекет жол бермейді. Азаматтық құқықта азаматтардың қоғамда алатын рөлін реттеп белгілі жүйеге қояды және азаматтық құқық пәнінің элементтерінің бірі мүлікті қатынастарға байланысты мүліктік емес жеке қатынастар болып табылады(АҚ- тің 1- бабы) [4].

Мүліктік қатынастарға байланысы жоқ мүліктік емес жеке қатынастар азаматтық заңдармен реттеледі, өйткені, олар заң құжаттарында өзгеше көзделмеген, не мүліктік емес

жеке қатынастар мәнінен туындамайды (АҚ-тің 1-бабының 2-тармағы). Азаматтық кодекстің 115-бабында азаматқа тиесілі мүліктік емес өзінді игіліктер мен құқықтардың үлгі тізбесі келтірілген, оған жататындар: жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі атақ, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке құпия мен отбасы құпиясы, есім алу құқығы, автор болу құқығы, шығармаға қол сұқпаушылық құқығы және басқа материалдық емес игіліктер мен құқықтар. Азаматтық құқық объектілерінің бұл тобының ерекшелігі мынада:

- 1) бұл құқық өзіндік, яғни тиесілі тұлғадан ажырамайды;
- 2) мүліктік емес сипаты бар, яғни материалдық (мүліктік) мазмұны болмайды;
- 3) абсолютті құқықтың санатына жатады, яғни бұл құқықтарды ешкім де бұза алмайды;
- 4) бұл құқықтар ешкімге тапсырылмайтын, әрі өзгеге берілмейтін құқық.

Аталған белгілерге қарап, мүліктік қатынастар тұлғаның өзінің ыңғайына қарай қалыптасып, ал мүліктік емес өзіндік игіліктер жеке тұлғадан ажырамайтындығын көреміз.

Азаматтық кодекс мүліктік емес өзіндік игіліктерді азамат туған сәтінен бастап алатын және азаматқа заң арқылы берілетін деп бөлінеді. Мүліктік емес өзіндік құқықтардың мүліктік құқықтарды иеленушілерімен байланыс дәрежесіне қарап, мүлікке қатысы жоқ мүліктік емес өзіндік құқық және мүлікпен байланысы бар мүліктік емес өзіндік құқықтар деп ажыратылады. Мүліктік емес өзіндік құқықты көздеген мақсатына қарай мынадай түрлерге бөлуге болады:

- а) азаматтың өмір сүруін қамтамасыз ететін мүліктік емес өзіндік құқықтар
- ә) азаматтың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ететін мүліктік емес өзіндік құқықтар.

АҚ-тің 143-бабына сәйкес ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді азаматтық-құқықтық қорғау былайша жүзеге асады, яғни азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды, егер ондай мағлұматтарды таратушы адам олардың шындыққа сай келетіндігін дәлелдей алмаса, сот арқылы теріске шығаруды талап етуге құқылы.

Іскерлік бедел тұлғаның кәсіби іскерлік (өндірістік, мамандық) қабілеті жөнінде қалыптасқан қоғамдық пікір. Азаматтық кодекстің 143-бабына сәйкес сот арқылы мынадай мағлұматтар, атап айтқанда:

- 1) ар-намыс пен қадір-қасиетке кір келтіретін;
- 2) жауапкер арқылы таратылған;

3) шындыққа сәйкес келмейтін мағлұматтар теріске шығарылады. Аталған талаптардың жиынтығы ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлікке қатысты құқық қатынастарын қорғаудың жалпы негізін құрайды. [4].

Қазіргі кезде сот тәжірибесі мен ғылыми пікірге сүйенсек, баспасөзде, радио және теледидар хабарларында, кино бағдарламаларында және басқа бұқаралық ақпарат құралдарында кір келтіретін мағлұматтардың жарияланатындығын көреміз. Сондай-ақ қызмет мінздемесінде, жария түрде сөйленген сөздерде, лауазымды тұлғаға байланысты жасалған мәлімдемелерде немесе бір немесе бірнеше тұлғаның атына бағытталған ауызекі әңгімелерде ондай кір келтірушілік кездесетіні белгілі болып отыр.

Заңда әлгіндей мағлұматтарды таратудың нысандарына қатысты арнайы талаптар қаралмаған. Дей тұрғанмен ондай кір келтіретін фактілердің кез келген сипатта көрінуі оны теріске шығаруға жеткілікті негіз болады. Кір келтіретін мағлұмат деп азаматтың (ұйымның) қолданылып жүрген заң мен моральдық принциптерді бұзуы туралы (әділетсіздікке бару, ұжымда, тұрмыста теріс қылықтар жасау, өндірістік шаруашылық және қоғамдық қызметтерді, беделді қаралау және т.б. туралы) олардың абыройы мен ар-намысына негізсіз нұқсан келтіруді айтады. [5, 36.].

Азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылған болса, олар мұндай мағлұматтарды теріске шығарумен бірге олардың таратылуымен өздеріне келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтарды

таратушыны анықтау мүмкін болмаса, өзі жөнінде осындай мағлұматтар тараған адам таратылған мағлұматтарды шындыққа сай келмейді деп тануы туралы сотқа шағымдануға құқылы.

Егер жауапкер соттың шешімін орындамаса, сот оған тәртіп бұзғаны үшін бюджеттің кірісіне өндіріліп алынатын айыппұл салуға құқылы. Айыппұл азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп пен мөлшерде салынады. Айыппұл төлеу тәртіп бұзушыны сот шешімінде көзделген әрекетті орындау міндетінен босатпайды.

ҚР Конституциясында бекітілген азаматтардың, адамдардың әртүрлі өтініштер беру құқығына, атап айтқанда, басқа құқықтарды қорғау құқығы да, тәсілі де болып табылатын шағымға тиесілі, яғни жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының ұйымдық-құқықтық кепілдігі ретінде әрекет етеді. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы осы құқықты пайдалана отырып, азаматтың, адамдардың биліктің барлық тармақтарының әртүрлі органдарының кең ауқымына жүгінуге мүмкіндігі бар екендігі көрсетілген [6].

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (01.01.2023 жылғы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен). <http://www.adilet.zan.kz>.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-ХІІ Заңы. (өзгерістер мен толықтырулар 01.07.2021), (<http://adilet.zan.kz>).

3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1994 жылғы 27 желтоқсандағы жалпы бөлім) Қазақстан Республикасының ерекше бөлім 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 Кодексі (өзгерістер мен толықтырулар 10.01.2020), (<http://adilet.zan.kz>).

4. Қаржаубаев Е. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік механизміндегі сот билігінің кейбір өзекті мәселелері» Тураби журналы №1, 2008ж. – Б.131-136.

5. Бирманова А.И. Адамның мәдени құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелері // Конституция: құқық үстемділігінің, азаматтық қоғам мен заманауи мемлекеттің құндылықтарын іске асыру: Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Астана: «Жарқын Ко» ЖШС, 2018. – Б.321-328.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы туралы. <http://www.adilet.zan.kz>.

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ ОТНОШЕНИЙ В СФЕРЕ ГРАЖДАНСТВА ДЕТЕЙ

Жамбекова А.З., докторант PhD, Карагандинский Университет им. академика Е.А. Букетова

Политическое и правовое положение человека определяется гражданством. Гражданство - это принадлежность лица к данному государству, следствием чего является распространение на него прав и обязанностей, установленных законодательством этого государства с обеспечением государственной защиты его прав. Гражданство является одним из институтов конституционного права и обычно находит своё закрепление в конституции (основном законе) или конституционном акте государства и иных нормативно-правовых актах.

В Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2021 г. до 2030 г., подчеркивается, что в процессе дальнейшего утверждения в стране принципов правового